



Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартқа қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 14 қыркүйектегі № 1011 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы" 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарттың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Берік Ноғайұлы Асылықовқа Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ.Тоқаев

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2022 жылғы 14 қыркүйектегі
№ 1011 Жарлығымен
МАҚҰЛДАНҒАН
Жоба

Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы ШАРТ

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Перу Республикасы, қылмыстық істер бойынша ынтымақтастық пен өзара құқықтық көмек арқылы қылмыстылықты болғызбауда, тергеуде, қылмыстық қудалауда және оның жолын кесуде екі Тараптың тиімділігін арттыруға ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап Қолданылу аясы

1. Тараптар осы Шарттың ережелеріне және өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық істер бойынша бір-біріне кең ауқымды құқықтық көмек көрсетеді.

2. Өзара құқықтық көмек мынадай әрекеттерді:

- a) құжаттарды, шақыру қағаздары мен заттарды беруді;
- b) адамдар мен заттардың тұрған жерін анықтауды немесе оларды сәйкестендіруді;
- c) айғақтар мен мәлімдемелер алуды;
- d) келуді немесе тыңдауды қамтамасыз ету үшін күзетпен ұсталатын адамдарды және бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жатқан адамдарды уақытша беруді;
- e) тінтуді, алып қоюды және тәркілеуді жүзеге асыруды;
- f) мәжбүрлеу шараларын, оның ішінде банктік шоттарды идентификаттауды, оларды оқшаулауды, сондай-ақ қаржылық ақпарат беруді;
- g) заттар мен құжаттарға сараптама жасауды;
- h) ақпарат пен дәлелдемелер беруді;
- i) сұрау салуларды орындау кезінде Сұрау салушы Тарап адамдарының қатысуына рұқсат беруді;
- j) Сұрау салынатын Тараптың ұлттық заңнамасымен көзделген көмектің кез келген басқа да нысандарын қамтиды.

2-бап

Орталық органдар

1. Осы Шарттың мақсаттары үшін Тараптар айқындаған орталық органдар бір-бірімен тікелей өзара іс-қимыл жасайды.

2. Орталық органдар:

Қазақстан Республикасы үшін - Бас прокуратура;

Перу Республикасы үшін - Бас прокуратура болып табылады.

3. Орталық органдарға қатысты қандай да бір өзгерістер болған жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді.

3-бап

Өзара құқықтық көмек туралы сұрау салулардың нысаны мен мазмұны

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салу жазбаша нысанда жасалады, оған тиісті түрде қол қойылады және Сұрау салушы Тараптың уәкілетті органының мөрімен расталады.

2. Сұрау салуда:

a) сұрау салуды жасаған құзыретті органның атауы;

b) сұрау салудың мақсаты және сұрау салынатын көмектің сипаттамасы;

c) тергеу немесе сот талқылауының мәні болып табылатын фактілердің сипаттамасы және олардың құқықтық саралануы;

d) ескіру мерзімдері туралы ережені қоса алғанда, ұлттық заңнаманың қолданылатын ережелерін көрсету;

e) дәлелдемелердің, ақпараттың немесе өзге де іс-шаралардың сұратылу себептері;
f) Сұрау салушы Тарапқа көмек көрсететін тұлғаға берілетін сомалар мен шығыстар туралы мәліметтер;

g) сұрау салуды орындау кезінде мән-жайларға байланысты қатысуы қажет лауазымды адамдар туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

3. Мүмкіндігіне қарай көмек туралы сұрау салуда:

a) құжаттар табыс етілуі қажет адамның жеке басы және тұрған жері туралы ақпарат, оның процестік мәртебесі және табыс ету жүргізілуіне тиіс тәсіл;

b) айғақтар беруге немесе талқылауға көмек көрсетуге тиіс адамның жеке басы және тұрған жері туралы ақпарат;

c) тұрған жері анықталуға тиіс адамның жеке басы, заттар немесе құжаттар туралы ақпарат;

d) тінтілуіне жататын орынның немесе адамның және алып қоюға немесе тәркіленуге жататын объектілердің барынша дәл сипаттамасы;

e) кез келген айғақтар немесе мәлімдемелер алынуға және тіркелуге тиіс тәсілдің сипаттамасы;

f) тыңдалатын адамға қойылуы қажет сұрақтардың тізбесі;

g) сұрау салуды орындау кезінде сақталуға тиіс нақты рәсімнің сипаттамасы;

h) құпиялылықты қамтамасыз ету жөніндегі талаптар;

i) Сұрау салушы Тарап сұрау салуды орындауды сұрайтын мерзім;

j) сұрау салуды орындауға септігін тигізу үшін Сұрау салынатын Тарапқа берілуі мүмкін кез келген басқа ақпарат та қамтылуға тиіс.

4. Сұрау салынатын Тарап электрондық пошта арқылы немесе басқа да техникалық байланыс құралдарының көмегімен алынған сұрау салуды орындауға қабылдауға құқылы. Сұрау салушы Тарап сұрау салудың түпнұсқасын пошта арқылы немесе дипломатиялық арналар арқылы жіберуге тиіс.

4-бап

Тіл

1. Сұрау салу мен қажетті құжаттар Сұрау салушы Тараптың тілінде жасалуға және Сұрау салынатын Тараптың тіліне немесе ағылшын тіліне аудармасы қоса берілуге тиіс.

2. Сұрау салуларға жауаптар қосымшаларымен бірге Сұрау салынатын Тараптың тілінде жіберілуге және ағылшын тіліне аудармасы қоса берілуге тиіс. Сұрау салуды орындауға қатысты құжаттардың көлемі үлкен болған жағдайда, Тараптардың орталық органдары аудару үшін құжаттар тізімін айқындау мақсатында консультациялар жүргізуге құқылы.

5-бап

Құқықтық көмек көрсету үшін негіздер

Сұрау салушы Тарап сұрау салған әрекеттері, Сұрау салынатын Тарапта қылмыстық жазаланатын болып табылмаса да, егер бұл мәжбүрлеу шараларын қолдануға әкеп соқпаса ғана өзара құқықтық көмек көрсетілуге тиіс.

6-бап

Құқықтық көмек көрсетуден бас тарту

1. Сұрау салынатын Тарап, егер;

а) осы Шартта көзделген құқықтық көмектің белгілі бір түрлерін орындау үшін талаптар сақталмаса;

б) сұрау салуды орындау Сұрау салынатын Тараптың егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да елеулі мүдделеріне қатер төндірсе немесе оның ұлттық заңнамасына қайшы келсе;

с) сұрау салу Сұрау салынатын Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келетін мәжбүрлеу шараларына қатысты болса;

д) құқықтық көмек туралы сұрау салу адамға қатысты оның нәсіліне, жынысына, діни сеніміне, ұлтына, этникалық шығу тегіне немесе саяси сеніміне байланысты қылмыстық қудалау мақсатында жіберілген немесе осы адамның жағдайына осы себептердің кез келгені бойынша нұқсан келтірілуі мүмкін деп пайымдауға дәлелді негіздер болса;

е) құқықтық көмек туралы сұрау салу Сұрау салынатын Тарапта тергеліп жатқан қылмысқа қатысты болса және сұрау салуды орындау осы Тарапта жүргізіліп жатқан тергеуге нұқсан келтіруі мүмкін болса, сұрау салынатын құқықтық көмек көрсетуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

2. Құқықтық көмек беруден кез келген бас тарту негізделген болуға тиіс.

7-бап

Құқықтық көмек туралы сұрау салуларды орындау

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салулар Сұрау салынатын Тараптың ұлттық заңнамасына сәйкес орындалады. Тиісті жағдайларда Сұрау салынатын Тарап, егер бұл Сұрау салынатын Тараптың ұлттық заңнамасына қайшы келмесе, Сұрау салушы Тарап ұсынған тәртіппен әрекет етуге құқылы.

2. Сұрау салынатын Тарап, егер мұндай орындау оның аумағында жүргізіліп жатқан ағымдағы қылмыстық талқылауға кедергі келтіретін болса, сұрау салуды орындауды кейінге қалдыруға құқылы.

3. Сұрау салынатын Тарап құқықтық көмек көрсетуді кейінге қалдырудан бұрын Сұрау салушы Тараппен ықтимал консультациялардан кейін ол қажет деп есептейтін шарттармен сұрау салуды толық немесе ішінара орындай алатыны-алмайтыны туралы шешім қабылдайды.

4. Сұрау салуды орындауды кейінге қалдыру туралы шешімде оның себептері түсіндіріледі және Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тарапқа сұрау салуды орындауды кейінге қалдырудың себептері туралы хабарлайды.

5. Сұрау салынатын Тарап көмек туралы сұрау салуды мүмкіндігінше қысқа мерзімде немесе, егер бұл мүмкін болса, Сұрау салушы Тарап оны уәждеп көрсеткен мерзімде орындайды.

8-бап

Пайдалануды шектеу және құпиялылық

1. Сұрау салушы Тарап Сұрау салынатын Тараптан сұрау салудың және оның мазмұнының және/немесе сұрау салуды орындау нәтижелерінің құпиялылығын қамтамасыз етуді сұратуға құқылы. Егер Сұрау салынатын Тарап құпиялылық туралы талапты орындай алмайтын болса, ол бұл туралы Сұрау салушы Тарапқа дереу хабарлайды, ол сұрау салудың құпиялылықты сақтамай одан әрі орындауға жататынын-жатпайтынын шешеді.

2. Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тараптан сұрау салуды орындау кезінде алынған ақпаратты немесе дәлелдемені, сұрау салуда келісілгендерді қоспағанда, Сұрау салынатын Тараптың алдын ала келісімінсіз басқа талқылауларда пайдаланбау туралы сұратуға құқылы.

9-бап

Құжаттар мен шақыру қағаздарын табыс ету

1. Сұрау салынатын Тарап оған Сұрау салушы Тарап осы мақсатта берген құжаттарды табыс етуді жүргізеді.

2. Сұрау салынатын Тарап құжаттарды табыс еткеннен кейін Сұрау салушы Тарапқа табыс ету күнін, уақытын, орнын және тәсілін көрсете отырып, лауазымды адамның қолы және табыс етуді жүзеге асырған органның мөрі қойылған бұл туралы растауды, сондай-ақ құжаттарды алған адам туралы ақпаратты береді. Егер табыс ету жүзеге асырылмаса, Сұрау салынатын Тарап Сұрау салушы Тарапқа бұл туралы дереу хабар береді және құжаттардың табыс етілмеу себептері туралы хабарлайды.

3. Адамдардан Сұрау салушы Тараптың құзыретті органдарының алдына келуін талап ететін шақыру туралы шақыру қағаздары Сұрау салынатын Тарапқа белгіленген

келу күніне дейін алпыс (60) тәуліктен кешіктірілмей беріледі. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, Тараптар неғұрлым қысқа мерзім туралы келісуі мүмкін.

4. Сұрау салушы Тараптың құзыретті органына келмеген кез келген адамға, тіпті шақыру қағазында келмеген жағдайда ықтимал жауаптылық туралы ескерту болса да, кез келген жазалау немесе мәжбүрлеу шарасы қолданылмайды.

10-бап

Кепілдіктер

1. Сұрау салушы Тараптың құзыретті органына шақыру қағазы бойынша келген кез келген адамды өзінің азаматтығына қарамастан, кіру алдындағы және шақыру қағазында көрсетілмеген іс-әрекеттер мен соттылығы үшін Сұрау салушы Тараптың аумағында қылмыстық қудалауға, қамаққа алуға, айыптауға, жазалауға немесе оның жеке бас бостандығын қандай да бір өзге де шектеуге болмайды.

2. Осы баптың 1-тармағы, егер онда көрсетілген адам:

а) оның қатысуы бұдан әрі қажет болып табылмайтындығы туралы ресми хабардар етілген кезден бастап он бес (15) тәулік ішінде Сұрау салушы Тараптың аумағынан кетпесе, қолданылмайды. Алайда бұл мерзім көрсетілген адам өзіне байланысты емес себептер бойынша Сұрау салушы Тараптың аумағынан кетпеген кезеңді қамтымайды;

б) Сұрау салушы Тараптың аумағынан кетіп, Сұрау салушы Тараптың аумағына өз еркімен қайта оралса, қолданылмайды.

11-бап

Адамдар мен заттардың тұрған жерін анықтау немесе оларды сәйкестендіру

1. Кез келген Тарап екінші Тараптан Сұрау салушы Тараптың құзыретті органдарының алдына келуге тиіс және болжаммен Сұрау салынатын Тараптың аумағында жүрген адамдардың тұрған жерін анықтауды, оларды сәйкестендіруді және іздестірілудегі адамдардың тұрғылықты жерін немесе тіркелген жерін хабарлауды сұратуға құқылы.

2. Кез келген Тарап екінші Тараптан заттардың тұрған жерін анықтауды, оларды сәйкестендіруді және тиісті деректерді хабарлауды немесе тұрған жерін анықтауға және сәйкестендіруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кез келген басқа шараны қолдануды сұратуға құқылы.

3. Сұрау салынатын ақпарат Сұрау салушы Тарапқа осы Шарттың 3-бабында көзделген сұрау салу негізінде хабарланады. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда сұрау салу Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы (Интерпол) арқылы да жіберілуі мүмкін.

12-бап

Бейнеконференция байланысы арқылы тыңдау

1. Сұрау салушы Тараптың құзыретті органының алдына келуге тиіс куәлардан, күдіктілерден, айыпталушылардан, сарапшылардан немесе жәбірленушілерден жауап алу мүмкіндігінше бейнеконференция байланысы арқылы жүргізіледі.

2. Бейнеконференция байланысы арқылы тыңдауға мынадай қағидалар қолданылады:

а) тыңдау Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының лауазымды адамының қатысуымен жүргізіледі. Осы органның лауазымды адамы айғақ алынуы қажет адамның жеке басын анықтауға және ол үшін қажетті шаралар қабылдай отырып Сұрау салынатын Тараптың ұлттық заңнамасында көзделген негіз қалаушы қағидаттардың сақталуын қамтамасыз етуге жауап береді;

б) Тараптардың құзыретті органдары қажет болған жағдайда тыңдалуға тиіс адамды қорғауға қатысты шараларды келіседі;

с) тыңдау Сұрау салушы Тараптың құзыретті органының лауазымды адамының басшылығымен оның ұлттық заңнамасына сәйкес өткізіледі;

д) тыңдаудың соңында Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының лауазымды адамы тыңдаудың күнін, уақытын және орнын, тыңдалған адамның жеке басы туралы деректерді, оның айғақтарының мазмұны туралы деректерді, сондай-ақ тыңдауға қатысқан басқа адамдардың жеке басын және процестік мәртебесін көрсете отырып, хаттама жасайды. Бұл хаттама Сұрау салушы Тарапқа берілуге тиіс;

е) Тараптар өздерінің құзыретті органдары арқылы тыңдалатын адамға аудармашы және/немесе қорғаушы беруге уағдаласады. Бұл жағдайда тыңдалатын адамның аудармашысына және/немесе қорғаушысына Сұрау салынатын Тарапта адамның қатысуымен тыңдау және басқа да процестік әрекеттер кезінде қатысуға рұқсат етіледі.

13-бап

Қамаққа алынған және сотталған адамдарды уақытша беру

1. Егер осы Шарттың 11-бабының ережелері қолданылмаса, Сұрау салынатын Тараптың аумағында қамаққа алынған немесе сотталған және Сұрау салушы Тарап оның куә немесе сарапшы ретінде өзінің қатысуын сұратып отырған кез келген адам азаматтығына қарамастан Сұрау салынатын Тараптың құзыретті органының келісімімен Сұрау салушы Тарапқа Сұрау салушы Тарап көрсеткен мерзімге уақытша берілуі мүмкін, ол үш (3) айдан аспауға тиіс. Сұрау салушы Тарап көрсетілген кезеңді ұзартуды сұратуға құқылы, ол бір рет қана берілуі мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған адамдарды беруден, егер:

а) адам оны беруге келісімін бермесе;

b) Сұрау салынатын Тарапта жүргізіліп жатқан тергеп-тексерудің немесе сот талқылауының субъектісі болып табылатын адамның қатысуы талап етілсе;

c) уақытша беру бас бостандығынан айыру мерзімінің ұлғаюына алып келуі мүмкін болса;

d) адамды Сұрау салушы Тарапқа уақытша беруге қарсы басқа да елеулі негіздер болса, бас тартылуы мүмкін.

3. Уақытша берілген адам Сұрау салушы Тарапта да, транзит мемлекетінде де күзетпен ұсталуға тиіс.

4. Егер үшінші мемлекет күзетпен ұсталып отырған адамды Тараптардың біріне екінші Тараптың аумағы арқышы беруге тиіс болса, Сұрау салынатын Тарап, егер бұл адам осы Тараптың азаматы болып табылмаса, осы адамның транзитіне рұқсат етуге тиіс.

14-бап

Тінту және алып қою

1. Құқықтық көмек туралы сұрау салуда қандай да бір заттарды немесе құжаттарды тінтуді, алып қоюды және беруді жүргізу қажеттігін негіздейтін ақпарат қамтылған жағдайда, Сұрау салынатын Тарап мұндай әрекеттерді жүргізеді.

2. Заттарды және құжаттарды алып қойған жағдайда, Сұрау салынатын Тарап олардың төлнұсқалығына көз жеткізуге тиіс. Егер Сұрау салынатын Тараптың ұлттық заңнамасы бойынша осы баптың 1-тармағында көрсетілген әрекеттерді жүргізу құзыретті органның арнайы шешімін талап етсе, онда Сұрау салушы Тарап мұндай шешімді беруге тиіс,

3. Сұрау салынатын Тарап берілетін заттар мен құжаттарға қатысты үшінші тараптардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Сұрау салынатын Тарап қажет деп есептейтін шарттарға Сұрау салушы Тараптың келісім беруін талап етуге құқылы. Егер мұндай келісім алынбаса, Сұрау салынатын Тарап оларды беруден бас тартуы мүмкін.

15-бап

Тәркілеу рәсімдеріндегі көмек

1. Тараптар өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған заттарды, құжаттарды, қаржылық активтерді және өзге де кірістерді анықтау, табу, тыйым салу және тәркілеу бойынша өзара құқықтық көмек көрсетеді.

2. Егер тыйым салуға немесе тәркіленуге жататын қылмыстық жолмен алынған кірістер, қылмыс қарулары, заттар мен құжаттар, сондай-ақ қаржылық активтер

Тараптардың бірінің аумағында екені белгілі болса, бұл туралы екінші Тарапқа хабарлануы мүмкін.

3. Тыйым салуға немесе тәркіленуге жататын қылмыстық жолмен алынған кірістерді, қылмыс қаруларын, заттар мен құжаттарды, сондай-ақ қаржылық активтерді беру келісілген шарттармен жүзеге асырылады.

16-бап

Қаржылық ақпарат, банк шоттарын анықтау және тоқтатып қою

1. Сұрау салынатын Тарап өзінің ұлттық заңнамасына сәйкес қылмыс жасауға қатысы бар адам оның аумағында орналасқан банкте немесе өзге де қаржы мекемесінде банктік шоттың ұстаушысы болып табылатынын-табылмайтынын анықтауға және бұл туралы Сұрау салушы Тарапты хабардар етуге құқылы. Сондай-ақ, мұндай көмек осындай шоттарды пайдаланушыларды сәйкестендіру, олардың орналасқан жері және тиісті транзакциялар, сондай-ақ осындай шоттарды тоқтатып қою туралы мәліметтерді қамтуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген көмекті беруден банк құпиясы негізінде бас тартуға болмайды.

17-бап

Заттар мен құжаттарды беру және қайтару

1. Сұрау салушы Тарапқа берілген кез келген заттар мен құжаттар, Сұрау салынатын Тарап өзінің оларды қайтару құқығынан бас тартқаннан басқа жағдайларда, алғашқы мүмкіндік болған кезде қайтарылады.

2. Егер адамды қамаққа алу барысында алып қойылған заттар, құжаттар және/немесе мүлік тергеп-тексеру немесе сот талқылауын жүргізу үшін қажет болған жағдайда, Сұрау салынатын Тарап оларды беруді өзі қажет деп есептейтін уақытқа кейінге қалдыра алады. Сұрау салынатын Тарап оларды алғашқы мүмкіндік болған кезде қайтару шартымен Сұрау салушы Тарапқа бере алады.

3. Сұрау салынатын Тарап өз заңнамасына сәйкес, Сұрау салушы Тараптан берілетін заттар мен құжаттарға қатысты адал үшінші тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін, Сұрау салынатын Тарап қажет деп есептейтін шарттарға келісуді талап ете алады. Мұндай келісімді алмаған жағдайда Сұрау салынатын Тарап заттар мен құжаттарды беруден бас тарта алады.

18-бап

Ақпаратты ерікті түрде беру

1. Тараптар өз бастамасы бойынша бір-біріне екінші Тарапқа пайдалы болуы мүмкін кез келген ақпаратты беруге құқылы.

2. Мұндай ақпаратты ұсынған кезде оны пайдалануға шектеулер қойылуы мүмкін және ол шектеулер сақталуға тиіс.

19-бап

Шығыстар

1. Өз заңнамасына сәйкес Сұрау салынатын Тарап:

a) осы Шарттың 3-бабы 2-тармағының g) тармақшасында аталған адамдардың жол жүруіне және Сұрау салынатын Тарапта болуына арналған шығыстарды;

b) осы Шарттың 9-бабының 3-тармағында және 13-бабында аталған адамдардың жол жүруіне және болуына арналған шығыстарды;

c) осы Шарттың 12-бабының тәртібімен құқықтық көмек туралы сұрау салудың орындалуына байланысты туындайтын шығыстарды;

d) егер Тараптар өзгеше келіспесе, сараптамаларды жүргізуге арналған шығыстарды қоспағанда, құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындауға байланысты шығыстарды көтереді.

2. Құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау күтпеген сипаттағы шығыстарға алып келген кезде Тараптар сұрау салуды орындаудан туындайтын шығыстарды бөлу мақсатында консультациялар жүргізуге құқылы.

20-бап

Құжаттар мен материалдарды заңдастырудан босату

Құқықтық көмек көрсету тәртібімен берілетін құжаттар мен материалдарға лауазымды адам қол қоюға және оларды құзыретті орган растауға тиіс және бұл жағдайда оларды одан әрі заңдастыру, растау немесе олардың түпнұсқалығын куәландыру талап етілмейді.

21-бап

Шарттың басқа халықаралық келісімдермен арақатынасы

Осы Шарт Тараптардың өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық келісімдерден туындайтын құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

22-бап

Келіспеушіліктерді реттеу

Осы Шартты қолдану немесе түсіндіру барысында туындайтын кез келген келіспеушіліктер дипломатиялық арналар арқылы консультациялар мен келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

23-бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Шарт белгіленбеген мерзімге жасалады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың аяқтағаны туралы дипломатиялық арналар арқылы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

2. Осы Шартқа Тараптардың өзара келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Мұндай өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, олар жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы баптың 1-тармағында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

3. Әрбір Тарап осы Шарттың қолданысын тоқтатуға құқылы. Тоқтату Тараптардың бірі екінші Тараптың оның осы Шарттың қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап бір жүз сексен (180) тәулік өткеннен кейін күшіне енеді.

4. Осы Шарттың қолданысы тоқтатылған жағдайда, оның қолданысы кезеңінде басталған іс-шаралар олар толық орындалғанға дейін күшінде қалады.

5. Осы Шарт ол күшіне енгенге дейін немесе енгеннен кейін жасалған қылмыстармен байланысты сұрау салуларға қатысты қолданылуы мүмкін.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ ҮШІН бұған тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Шартқа қол қойды.

20__жылғы__ _____әрқайсысы қазақ, испан және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқалы данада жасалды әрі барлық мәтіндер тең түпнұсқалы болып табылады.

Осы Шарттың мәтіндері арасында алшақтықтар туындаған жағдайда ағылшын тіліндегі мәтіннің күші басым болады.

Қазақстан Республикасы үшін

Перу Республикасы үшін